

"Көшпенді" көркем тарихи фильмін шығару туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 4 тамыздағы N 164-ө өкімі Қазақ халқы мемлекеттілігінің қалыптасуына арналған "Көшпенді" көркем тарихи фильмін шығаруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі 2003-2004 жылдары "Көшпенді" көркем тарихи фильмінің шығарылуын қамтамасыз етсін. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.13. N 37 өкімімен .

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қолданып жүрген заңнамаға сәйкес "Көшпенді" фильмін жасауға қатысатын шетелдік кинематографистерге визаны уақтылы ресімдеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінің өтініміне сәйкес "Көшпенді" фильмін түсіруге қатысу үшін әскери қызметшілердің қажетті контингентін бөлсін. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.13. N 37 өкімімен .

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі "Көшпенді" фильмінің бұқаралық эпизодтарын түсіру жүргізілетін орындарда тәртіп пен қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдеріне өз аумақтарында "Көшпенді" фильмін түсіру тобына фильмді түсіруді жүргізу кезінде ұйымдастырушылық мәселелерінде жан-жақты жәрдем көрсету ұсынылсын.

Премьер-Министр